

ӨОЖ 81:372.881

Б.Ж. Курманова,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті, п. ф. д.,
Ақтөбе қ., Қазақстан,
e-mail: baktigul_2001@mail.ru

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту үдерісіндегі лингвомәдениеттану және қызметтік тұрғылардың мәні

Мақалада қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытуға лингвомәдениеттану мен қызметтік тұрғыдан келу проблемалары қарастырылған және де қазақ тілін өзге ұлттық аудиторияда оқытуға аталған тұрғыдан келудегі оқу қызметін және оқу материалын ұйымдастырудың психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ерекшеліктері ашылып көрсетілген. Қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытудағы оқытушының негізгі міндеті әрбір студентке өзінің тілді және тіл туралы материалды игерудегі жеке еңбегін ұғынуға көмектесу болып табылатындығы, аталмыш үдерістің нәтижелі болуы мақсатты түрде білім мен білік жинақтау ғана емес, үнемі тәжірибесін байыту, өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастаруды қамтамасыз ететін дидактикалық әдістемелік технологияны қолдануды қажет ететіндігі туралы тұжырымдар жасалған. Автор әрбір студенттің оқу жағдайындағы дербестігі мен сол дербестігі арқылы ұжымдық қозғалысқа кірігіп, қызмет етуі, яғни интерактивті белсенділіктің, контакт-интакт процедурасының қадамдық күйде іске асуы міндетті түрде қазақ тілін меңгерудегі табыстылыққа әкелетіндігі және де бұл процедураның әрбір студенттің болашақ маман ретіндегі өзінің қызметін әрмен қарата жалғастыруда өзіне жауапкершілікті ала білу, жеке тәуелсіз шешім қабылдау сияқты қасиеттерді қалыптастыру болып табылатындығы туралы қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: қазақ тілі, қызметтік тұрғы, лингвомәдениеттану, оқу материалы, сөйлеу қызметі, оқу қызметін ұйымдастыру, контакт-интакт процедурасы, ұжымдық қызмет.

B.Zh. Kurmanova

On the Importance of Linguocultural and Activity-based Approaches in the Organization of Educational Process of Teaching the Kazakh Language in Foreign Ethnic Audience

The article deals with the problem of linguistic-cultural and activity-based approaches to teaching the Kazakh language. The author reveals the psychological, pedagogical and methodological features of these approaches in the organization of training activities, the development of learner materials in teaching the Kazakh language in a foreign-language audience. In the article, the author also draws conclusions about the main activity of the teacher in teaching the Kazakh language to university students: creating conditions for developing students' awareness of their educational activity in acquiring knowledge, abilities, skills; instructing students to effectively organize educational activity, independently enrich their knowledge of the Kazakh language. The implementation of these principles, in turn, requires the teacher to adhere didactically verified instructional techniques. The author draws conclusions about the effectiveness of individualization of teaching the Kazakh language through introducing the procedure of step-by-step contact-intact collective motions of students, which gives productive results for students not only in the classroom, but also in the use of knowledge, acquired skills and habits in the Kazakh language, obtained by means of training assignments, specially organized academic activity in their future profession and work.

Key words: Kazakh language, activity-based approach, cultural linguistics, educational material, speech activity, organization of training activities, intact-contact procedure, collective activity.

Б.Ж. Курманова

О значении лингвокультурного и деятельностного подходов в организации учебного процесса обучения казахскому языку в иноязычной аудитории

В статье рассматривается проблема лингвокультурологического и деятельностного подходов в обучении казахскому языку. Автором раскрываются психологические, педагогические и методические особенности данных подходов в организации учебной деятельности, построении учебных материалов в преподавании казахского языка в иноязычной аудитории. Также в статье автором сделаны выводы об основной деятельности преподавателя в преподавании и обучении казахскому языку студентов вузов: создание условий для осознания студентом своей учебной деятельности в освоении знаний, умений, навыков, научении студентов эффективной организации учебной деятельности, самостоятельного обогащения своего знания в изучении казахского языка. Реализация данных принципов, в свою очередь, требует от преподавателя применять выверенные методические приемы. Автором сделаны выводы об эффективности индивидуализации обучения казахскому языку через реализацию процедуры пошагового контактно-интактного коллективного движения обучающихся, которая дает продуктивные результаты не только во время нахождения студента в учебной аудитории, но и в реализации в дальнейшей профессиональной деятельности и будущей трудовой жизни полученных знаний, сформированных умений и навыков по казахскому языку, полученных посредством учебных заданий, специально организованной учебной деятельности.

Ключевые слова: казахский язык, деятельностный подход, лингвокультурология, учебный материал, речевая деятельность, организация учебной деятельности, процедура интактно-контакта, коллективная деятельность.

Қазақ тілі бүгінде Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде өзінің әлеуметтік функциясын толыққанды атқаруда. Тілдік және ұлттық саясаттағы бірқалыптылық, қазақ тілінің өсіп өркендеуіне мемлекет тарапынан жасалып отырған барлық мүмкіншілік тілдің әлеуметтік аясын кеңейтуге негіз болып отыр. Қазақ халқының ұлттығын және бірегейлігін, дербестігін көрсететін бірден бір құрал оның төл тілі болып табылады. Сондықтан да Елбасымыз өзінің Жолдауында «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді *Қазақ мемлекеті* деп атайтын боламыз», – деп көрсетті [1, Интернет ресурсы].

Қазақ тілінің шын мәнісіндегі мемлекеттік тіл ретінде қызметін атқаруы үшін маңызды болып табылатын тетік – оқыту және үйрету, яғни жасанды тілдік орта жасап, қазақ тілін оқыту арқылы бұқаралық деңгейде қазақ тілін игертуге болады. Ал бұқаралық оқыту бағдарламасы ұзақ мерзімді, барлық әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық факторларды ескере отырып жасалуы тиіс [2, 341].

Оқыту тілді үйренуші мен тілді үйретушінің (оқытушының) арасында өзара біріге атқаратын қызметінің ұйымдастырылуы, соның нәтижесінде тілді үйренушінің психофизиологиялық тұлғасы қалыптасып, оның бойында нақты бір жаңа қызмет түрлері пайда болып, жаңа қызметті іске

асырушы жаңа біліктер мен дағдылар қалыптасады. Сондықтан да қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзіндік ерекшелігі оның объектісі, яғни сөйлеу қызметін қалыптастыру арқылы айқындалады. Ал сөйлеу қызметі белсенді, мақсатталған, қарым-қатынас жағдаятымен шартталып, тілдік жүйемен іске асырылатын хабарды жіберу мен қабылдаудың үдерісі, яғни өнімділік пен рецепция үдерісінің нәтижесі болып табылады [3, 23].

Қазақ тілін оқу және үйрену барысында өзге тілді студенттің тұлғасының коммуникативтік құрамдас бөлігінің ішінде, когнитивтік, эмоционалдық, мәдени және тілдік деңгейінде өзгерістер болады. Қазақ тілінде қарым-қатынас жасауда студент тілдік кодты ауыстырып қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеуші ретінде қарым-қатынасқа түсіп, эмоционалдық және мағыналық доминанталарды ауыстырып, коммуникативтік мінез-құлықтың басқа паттерндерін іске асырады және басқа когнитивтік кеңістікке кіреді. Осыған байланысты қазақ тілін оқу барысында синергия¹ феномені орын алады. Өйткені екі тіл, екі мәдениет түйісу үдерісінде өмір сүру мен коммуникативтік тұлғаның іске асуының өзінің икемділігімен, кеңдігімен, әрменқа-

¹ Синергия – әлеуметтану ұғымы. Индивидтердің нақты бір сұрақты шешудегі жоспарсыз және бейсана түрде ынтымақтастық танытуы, бұл үдерісте әр тұлға өзінің мақсатын көздейді.

рата трансформациялануымен ерекшеленетін жаңа когнитивті-эмоционалды, лингво-мәдени кеңістік пайда болады. Осындай тіларалық және мәдениетаралық коммуникация үдерісінде адам мүлдем өзге дискурсқа кіреді, ал қазіргі кездегі қазақ тілін оқыту тек қана тілдік кодты беруге, узуска ғана бағдарланады, ал дискурсивтік ойлау қалыптастыру кенже қалып отыратын үдеріс болып қалады. Осының негізінде қазақ тілін оқытудағы ұстанатын қағида тіл мен мәдениеттің біріге қаралуындағы мазмұнда болып, мәдениетаралық қатынас құру қабілеттілігін арттыруға бағытталған тілдік білім беруде мұндай қарым-қатынас жасауға үйрету әрекеті шығармашылық үдеріс ретінде құрылуы керек екендігі айқындалады. Әрбір тіл үйренушіге кең мүмкіншілік беретін бұл үдерісте тұлғаның эмоционалды, коммуникативтік, өрелік (интеллектуалды) салаларына көп көңіл бөлінеді.

Тілді оқытудың шығармашылық сипаты әрбір тілді үйренушінің дербес пікірін іске асырады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту барысында берілетін оқу материалының құрылымы мен мазмұны студенттің когнитивтік дамуына бағытталуы тиіс. Өйткені тілді меңгеру концептілерді кодтау ғана емес, тілді меңгеру сол тілдің тасымалдаушысындай әлем суреті қалыптастыруды көздегенде ғана тілдің барлық құндылықтары игеріледі. Кез келген тілді оқытуда мәдениеттану тұрғысы аясында мәдениетаралық құзыреттілік қалыптастыру дұрыс болып табылады. Өйткені тілді оқытуды мәдениеттану тұрғысынан қарастыру коммуникативтік-когнитивтік, құзыреттілік, қызметтік, тұлғалық-қызметтік және әлеуметтік-мәдени бағыттардың басын қосады. Осыған байланысты жалпы дидактикалық қағидалар негізінде туындайтын мына әдістемелік қағидаларды да айтуға болады:

- оқыту үдерісінің сөйлеуге бағытталуы қағидасы;
- оқыту үдерісіндегі мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларын модельдеу қағидасы;
- саналылық қағидасы;
- модульдік қағидасы;
- мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудағы оқу материалының жүйелілік, толықтық қағидасы;
- студенттің тұлғалық қажеттілігін есепке алу қағидасы.

Мұның ішіндегі сөйлеуге бағыттау қағидасы жалпы дидактикалық қағида болып табылады. Сөйлеуге бағыттау қағидасын іске асыруда оқыту үдерісінде сөйлеуге бағытталған және сөйлеу

сипатындағы жаттығуларға аса зейін қойылады. Сондықтан да бұл қағида қазақ тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас құруға үйрету үдерісіне тән болып табылады.

Оқыту үдерісіндегі мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларын модельдеу қағидасы қазақ мәдениетімен танысуда және онымен қатынасқа түскендегі сөйлеу қызметі жағдайларының параметрлерін модельдеу болып табылады. Бұл параметрлер: қарым-қатынасқа қатысушылар, олардың құндылық бағдарлары, коммуникативтік күтілулер мен нысандар, мәдениетаралық қарым-қатынастағы қатысушылардың рөлдері, олардың фондық білімдері, қарым-қатынастың кеңістіктік және уақыттық шарттары мен жағдайлары. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудағы оқу материалының жүйелілік, толықтық қағидасы оқу материалы көлемінің шағын болуымен және оның әр түрлі жаттығуларда мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскенде, сөйлеу қызметінде қолданылуын қамтамасыз ететін жоғары деңгейде қайталануымен іске асады.

Студенттің тұлғалық қажеттілігін есепке алу қағидасы тіл үйренуші студентті уәждемелік салаға бағдарлаумен көрінеді. Бұл жердегі барлық психологиялық уәждемелер үш топқа бөлінеді: өрелік (интеллектуалды), моральдық, эмоционалды-эстетикалық. Моральдық және эмоционалды-эстетикалық уәждемелер арнайы таңдалған және ұйымдастырылған оқу мазмұнымен іске асырылса, интеллектуалды уәждемелер өз кезегінде коммуникативтік және танымдық болып екіге бөлініп, тапсырмалардың жағдайлық күйде және оны сәйкес жағдайларға сай таңдау арқылы сөйлеуге бағытталғанда іске асады. Сонымен қатар студенттің тұлғалық қажеттілігін есепке алу қағидасы салыстыру-лингвистикалық және салғастыру-мәдени бағыттағы жаттығулардың проблемалық бағытын қамтамасыз етуде іске асып отырады.

Оқытудың қызметтік сипатымен байланысты қағиданың мазмұны студенттің сыртқы және ішкі белсенділігіне байланысты болады. Бұл қағиданың негізінде қызмет теориясы жатады. Қызмет адамның қоршаған, ортамен белсенді өзара қарым-қатынасы ретінде қарастырылады (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, А.Н. Леонтьев, Н.Ф. Талызина). Оқыту үдерісі тұрғысынан студенттің қазақ тілін меңгеруін белсендіру болып табылатын бұл қағидада тілді үйренуші оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылуын талап етеді. Осы қағиданы ұстану мен іске асы-

рудағы оқытушының негізгі міндеті әрбір студентке материалды игеруге көмек беру болып табылады. Бұл жердегі білімді игерту мен игеру үдерістерінің алгоритмдік қадамдарының дұрыс ұйымдастырылуы, яғни студент пен оқытушының оқу үдерісіндегі жасайтын қызметтерінің дұрыс бағытта болуы оның екі жақ үшін де табысты және нәтижелі болуын қамтамасыз ете алады.

А.Н. Леонтьев [4], П.Я. Гальперин [5], Н.Ф. Талызина [6] ақыл-ой қызметін кезеңмен қалыптастыру теориясында адамның қызмет негізінде оқу мен оқу мазмұнын игеруде белсенді қатысушы бола алатындығын дәлелдейді. Оқу үдерісіндегі белсенділік, оқытудың алгоритмдік қырларының қалыптасуы Ж. Пиаже еңбектерінде де көрініс тапқан. Оның тұжырымдамасында басты орын субъектінің максималды белсенділігіне беріледі. Өйткені Ж. Пиаже бойынша, кез келген өрелік (интеллект) акті бала немесе ғалым болсын, белсенді операциялар қасиетіне ие болады [7, 63]. Бұл тұжырым қазіргі тұлғаға бағдарланған, ақпараттық технологиялар арқылы оқытуға толығымен сәйкес келеді деуге болады. Өйткені білім алушы кез келген мультимедиалық, компьютерлік, желілік құралдар мен бағдарламалар көмегімен белгілі бір алгоритмдер арқылы өзіне қажет материал жасап, оны өзінің оқу қызметінде белсенді қолдана алады. Қазақ тілін мультимедиалық, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық, желілік технологиялармен оқытуда қазіргі цифрлық технологияның жетістіктері студенттің шығармашылық әлеуетін ашуға және оның табиғи икемділіктерін толықтай дамытуға үлкен мүмкіншіліктер береді. Тілді үйренуші студенттің өз бетінше ізденістері арқылы оқу материалын тауып, оны тілді меңгеруі үшін қолдануы Ж.Пиаже айтқан максималды белсенділік танытып, қажет алгоритмдерді дұрыс қолдана білуінің нәтижесі деуге болады. Бүгіндегі оқыту мен білім берудегі субъект-субъектілік қатынастың орнатылуы оқу үдерісіндегі қатысушылардан тең дәрежедегі екі жақты (білім беруші-білім алушы) белсенділікті талап етеді. Осыған орай қызмет теориясының негізгі тұжырымдары тұрғысынан оқыту қызметінің *қажет шарты, маңызды компоненті және нәтижесі* болып табылады.

Студенттердің сабақта өз ішкі белсенділігін танытуы оқу материалының игерілгенінің белгісі болып табылады. Ал лингвомәдениеттану мазмұнындағы оқу материалдары арқылы жасқалған оқу бағдарламасы өзінің құрылымы

мен мазмұны жағынан студент үшін өзекті және қызығушылығын арттыратын ішкі белсенділікті оятудың құралы бола алады.

Қызмет теориясына сәйкес Дж. Ломпшер оқытудағы үдерістердің ішінен екі негізгі форманы бөліп көрсетеді:

- қызмет көмегімен ұйымдастырылған оқыту;
- оқытуды қызмет ретінде ұйымдастыру [8, 148].

Біріншісінде оқу үдерісіне түрлі қызметтерді қосу, қызметтің қолданбалы түрлерін, ойындарды қосу болса, екіншісінде өзін өзі оқыту қызметі түрінде алынады. Мысалы, өзге тілді студенттің өзінің төл мәдениетінен қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне ұқсас элементтерді табу, мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырату арқылы жалпы адамзаттық құндылықтардың бірлігін ашу және осы мазмұндағы басқа да тапсырмалардың берілуі, ол ақпаратты қазақ тілінде жеткізу сияқты өз бетінше орындауға арналған тапсырмалар білім алушының үлкен белсенділігін ояту мен қазақ тіліне деген позициясын өзгертудің бір құралы бола алады. Қазақ тілі сабақтарында белсенді қолдануды талап ететін аталмыш тапсырмалар түрлері өзге тілді студенттің қазақ тілінде сөйлеуінің уәждемесі ғана болып қоймайды, сонымен қатар студенттердің қазақ тілінде сәйкес жағдайларда өз бетінше сөйлеуді тудыру мен түсінуге негіз бола алады. Өйткені студент өз бетінше ізденістер арқылы сөздік қорын молайта алады, түрлі ақпараттарды жинақтап, талдап, өңдеп, синтездейді, ең маңыздысы негізгі мәтінді қазақ тілінде құрастырып, айтып береді. Ол үшін оқытушы студенттерге тақырып мазмұнына сай тірек сөздер мен синтаксистік құрылымдардың, мәтіннің үлгісін ұсынуы қажет, яғни бұл жерде оқытушының оқу қызметіне сауатты жетекшілік ете білуі маңызды шарт болып табылады.

Оқытуды жекелей отырып, ұжымдық белсенділікті арттыру контакт-интакт процедурасы арқылы іске асырылатын қызмет түрі. Сабақ барысындағы көпжақты қарым-қатынастың болуы оқытуда студенттің тұлғалық мүмкіншіліктерін ашуға септігін тигізеді. Осы тұрғыда күрделі ойды және күрделі күйді қарым-қатынасқа қатысушылардың коммуникативтік мақсатына, жай-күйіне сәйкес айтуға үйрету қажет. Сондықтан да аталмыш қағидаға сәйкес қызметтік тұрғыдан оқытуда мына шарттар міндетті түрде орындалуы қажет:

– сөйлеу қарым-қатынасының студенттің өзге қызметінің өрелік-эмоционалды контексіне толықтай енуі керек;

– пәнаралық байланыс бірізділікпен іске асатындықтан, студенттің аудиториядағы сөйлеу қарым-қатынасының кеңейіп, сабақтан тыс уақытта да сәйкес қарым-қатынастардың болуы қамтамасыз етілуіне жағдай жасау керек;

– әрбір студент психологиялық кедергілерге қарамастан, сабақ бойы өзінің шығармашылығын танытуға, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алатындығын көрсетуге талпынады [8, 213]. Сондықтан да оқытушы максималды түрде берілген тақырыптарға сай сөйлеу жағдаяттарын тудырып, оның қажет лексикалық қырын, синтаксистік құрылымдарын жобалап қамтамасыз етіп отыруы керек.

Қазақ тілін оқытудағы қазіргі білім беру талаптарына сәйкес қағида студенттің қазақ тілін меңгеруі бойынша дербестенуін қалыптастыру болып табылады. Бұл қағида шетел тілдерін оқыту әдістемесінде студенттің тілді меңгерудегі қызметін белсендіру деп қарастырылады. Бұл қызмет студенттің тәртібі мен оқуға деген ынтасын емес, оның жеке белсенділігінің болуын талап етеді, яғни студент өзінің дербес ақыл-ой, сөйлеу, ойлау, сөйлеу-ойлау белсенділігін арттыруды көздейді. Ол дегеніміз – өзге тілді аудиторияда сабақ беру үдерісіндегі студенттің топтағы студенттермен қазақ тілі сабағында қазақша сөйлеуге мүмкіндік алып, өзін өзі тілді меңгерген субъект ретінде таныта білуіндегі өз жетістігіне деген ішкі қуанышы мен сыртқы белсенділігі. Сонымен қатар студенттің ішкі сенімінің оянып, сыртқа шығатын білім мен біліктің толықтай өзектендіріліп, белсенді түрде қарым-

қатынасқа түсу жағдайы туындайды, осыдан келіп, студенттің белгілі бір уақыт бойы жинақталған білімі, қалыптастырылған сөйлеу білігі мен дағдысы сыртқа шығып (экстериоризацияланып), студент бойында өз еңбегінің нәтижесіне деген қуаныш пайда болады. Бұл жердегі оқытушының негізгі міндеті әрбір студентке өзінің тілді және тіл туралы материалды игерудегі жеке еңбегін ұғынуға көмектесу болып табылады. Аталмыш үдерістің нәтижелі болуы мақсатты түрде білім мен білік жинақтау ғана емес, үнемі тәжірибесін байыту, өзін өзі ұйымдастыруын қалыптастаруды қамтамасыз ететін дидактикалық әдістемелік технологияны қолдануды қажет етеді. Ал лингвомәдениеттану мазмұнындағы оқу материалы тілді үйренушінің бойында үйреніп жатқан тілінің мәдениетінің құрамдас бөлігіндей сезінуіне негіз бола алады.

Әрбір студенттің оқу жағдайындағы дербестігі мен сол дербестігі арқылы ұжымдық қозғалысқа кірігіп, қызмет етуі, яғни интерактивті белсенділіктің іске асуы, контакт-интакт процедурасының қадамдық күйде іске асуы міндетті түрде қазақ тілін меңгерудегі табыстылыққа әкеледі. Бұл әрбір студенттің болашақ маман ретіндегі өзінің қызметін әрменқарата жалғастыруда өзіне жауапкершілік ала білу, жеке тәуелсіз шешім қабылдау сияқты қасиеттерді қалыптастыруының құрамдас бөлшегі бола алады. Сондықтан да қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту үдерісін ұйымдастыруда оқытушы әрбір тілді үйренушінің оқу қызметін өз бетінше, белсенді атқаруына және өзінің болашақ мамандығы аясында қазақ тілінде сөйлеу тәжірибесін көрсете білуге және қатесін саналы түрде түзете білуге үйретуді мақсат етуі қажет.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-re...02.02.2014.
- 2 Хасанов Б.Х. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихолингвистические аспекты). – Алматы: Арда, 2007. – 384 с.
- 3 Русский язык как иностранный. Методика обучения русскому языку: уч. пос. для вузов / под ред. И.П. Лысаковой. – М.: Владос, 2004. – 270 с.
- 4 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Библиотека www.koob.ru. 02.02.2014.
- 5 Гальперин П.Я. Основные результаты исследований по проблеме «Формирование умственных действий и понятий». – М., 1965. – 321 с.
- 6 Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – Изд.3-е. – М., 1999. – 356 с.
- 7 Пиаже Жан. Избранные психологические труды: пер. с англ. и фр. / вступ. статья В.А. Лекторского, В.Н. Садовского, Э.Г. Юдина. – М., 1994. – 680 с.
- 8 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – М.: Академия, 2006. – 336 с.

References

- 1 Qazaqstan Respwbli''kasi'ni'ng Prezi''denti – Elbasi' N.A'. Nazarbaevti'ng Qazaqstan halqi'na Joldawi'. «Qazaqstan-2050» strategi''yasi': qali''ptasqan memleketting janga sayasi'' baghi''ti'. akorda.kz/kz/page/page_kazakistan-re...02.02.2014.
- 2 Hasanov B.H. Yazyki narodov Kazahstana: ot molchaniya k strategii razvitiya (sotsio-psiholingvisticheskie aspekty). – Almaty: Arda, 2007. – 384 c.
- 3 Russkiy yazyk kak inostrannyj. Metodika obucheniya russkomu yazyku. Uch. pos. dlya vuzov. Pod red. I.P. Lysakovoy. – M.: Vldos, 2004. – 270 c.
- 4 Leont'ev A.N. Deyatel'nost'. Soznanie. Lichnost'. Biblioteka www.koob.ru. 02.02.2014.
- 5 Gal'perin P.Ya. Osnovnye rezul'taty issledovaniy po probleme «Formirovanie umstvennyh deystviy i ponyatiy». – M., 1965. – 321 c.
- 6 Talyzina N.F. Pedagogicheskaya psihologiya. Izd.3-e. – M., 1999. – 356 c.
- 7 Piazhe Zhan. Izbrannye psihologicheskie trudy: Per. s angl. i fr. / Vstup. ctat'ya V.A. Lektorskogo, V.N. Sadovskogo, E.G. Yudina. – M., 1994. – 680 c.
- 8 Gal'skova N.D., Gez N.I. Teoriya obucheniya inostrannym yazykam. Lingvodidaktika i metodika. – M.: Akademiya, 2006. – 336 c.